

ҚР ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕСІН ТҰРАҚТАНДЫРУДАҒЫ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

Көпей Луиза

Есеналиева Жанар

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

«Экономика» факультеті 3-курс студенттері

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми

жетекші: доктор (PhD), Хамитхан Назгуль

Халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға әлеуметтік инвестициялар салудың маңызы өте зор. Қазіргі заман талабы және еліміздің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуының басты бағыты – халықтың әл-ауқатының өсуі мен өмір сүру сапасын арттыру. Елімізде болған соңғы жағдайлардан азаматтардың әл-ауқатын реттеудің заманауи құралдарын жаңарту қажеттілігі көрінді. Отыз жылдық төл тарихымызда алғаш рет болған күрделі кезеңді жеңіп, береке-бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың қадірін білдік. Қаңтар айында болған оқиғадан үлкен сабақ алынып, әлеуметтік жүйені тұрақтандыруда, қалың жұрттың жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен «Қазақстан халқына» атты қоғамдық әлеуметтік қоры құрылды. Бұл қордың негізгі мақсаттары:

- денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында мемлекеттік қолдау шараларынан тыс қосымша қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының халқына қайырымдылық көмек көрсету;

- Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілген кезде зардап шеккен халыққа көмек көрсету

- Басқа да басым бағыттар бойынша қайырымдылық көмек көрсету. Біз бұл баяндамада әлеуметтік-экономикалық жүйені, халықтың әл-ауқатын арттырудағы банк секторының рөлі туралы айтатын боламыз.

Осы тұста айта кететін жайт, халықтың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында, еліміздің екінші деңгейлі банктері шетте қалмады. «Қазақстан Халқына» қорына елеулі мөлшерде қаражат салды. Атап айтсақ:

АО «Халық Банкі» - 3 000 000 000 теңге

АО «Каспи Банкі» - 7 000 000 000 теңге

Бұл қадам еліміздің банк секторының көмегінің арқасында көптеген Қазақстан азаматтарының өмірін өзгерте алатынын, тіпті құтқара алатындығын көрсетеді. Қорға донорлардан түскен барлық қаражат Қордың жобалары мен даму бағдарламаларын жүзеге асыруға жұмсалады [1].

Банктік жүйе-нарықтық экономиканың маңызды және ажырамас құрылымдарының бірі. Банктердің, тауар өндірісі мен айналысының дамуы тарихи түрде қатар жүріп, бір-бірімен тығыз байланысты болып келе жатыр. Сонымен бірге банктер ақшалай есеп айырысуларды, несиелік қызметтерді жүзеге асырады, капиталды қайта бөлуде делдал болып, өндірістің жалпы тиімділігін айтарлықтай арттырады, қоғамдық еңбек өнімділігінің өсуіне ықпал етеді. Шетелдегі банктік қызмет тәжірибесі Қазақстанда және басқа ТМД елдерінде қалыптасып келе жатқан жаңа экономикалық жүйе үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Банктік менеджменттің әлемдік тәжірибесін зерделеу және жалпылау,


классикалық құралдарды зерттеу және республикада қолайлы банктік басқару құралдарын әзірлеу бүгінгі таңда даусыз өзекті болып табылады. Республикада банкирлердің кәсіби деңгейі өсуде, мамандар қаржы нарығының жаңа құралдарын меңгеруде, банк менеджерлері банк қызметін басқарудың дәстүрлі тәсілдерінен жүйелік тәсілдерге өту жолдарын көбірек зерделеуде, жаңа көрсеткіштер жүйелері енгізілуде. Бұл қадамдардың бәрі еліміздегі екінші деңгейлі банктердің өтімділігін жақсартуға, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қалыптастыруға, қолма-қол қаражаттарға деген қажеттілікті әрқашан қанағаттандырып отыруға мүмкіндік береді. 1989 жылдан бастап, елімізде алғашқы коммерциялық банктер, кооперативтік және жеке банктер қатары жұмыс істеді. Сол жылы алғаш құрылған коммерциялық банктерге-Интеринвестбанк, Крамдсбанк, Казкоммерц банк және т.б жатады. 1995 жылғы банк реформасы. Бұл банктік реформа Ұлттық Банктің 1995 жылға арналған «Қазақстандағы банктік жүйені реформалау» бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұлттық Банктің 1995 жылы бастаған банк жүйесінің бухгалтерлік есебін реформалау 1996-1998 жылдары әрі қарай жалғасып, нәтижесінде Ұлттық Банктің халықаралық стандартқа сәйкес жасалған жаңа шоттар жоспары екінші деңгейдегі банктер қызметіне толығымен енгізілді. 1996 жылы екінші деңгейдегі он банктер бойынша жаңа шоттар жоспарын енгізіп, ай сайын осы жоспарға сәйкес жиынтық балансын алу [2].

Нарықтық экономикасына өту жағдайында және экономикалық дағдарысты жоюда, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуде Қазақстан Республикасы банк жүйесі маңызды рөл атқарады.

Елімізде қабылданған «Қазақстан Республикасының банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қазіргі Қазақстан Республикасының банк жүйесі екі деңгейден тұрады:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі-мемлекеттік орталық банк ретінде бірінші деңгейдегі банк.
- өзге банктердің барлығы (мемлекеттік даму банкісінен басқасы)
- екінші деңгейлі банктерді сипаттайды.

Қазақстандағы банктік қызметтердің сапасын жақсарту жағдайында банкаралық бәсекелестікті толығымен зерделеу мүмкіндіктерін анықтау үшін Қазақстан Республикасы банк секторының ағымдағы жағдайына сүйене отырып, банк өнімдерінің қаржылық нарықтағы орнын және қаржылық жағдайына салыстырмалы талдау өте маңызды. Қазақстандағы банк секторының кейінгі кезеңдерін алсақ, құрылымына қарасаңыз, айтарлықтай өзгерістер енгізілген.




Сурет 1– ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің (негізгі борыш) динамикасы

Ескерту -[4] дерек көзі бойынша құрастырылған 1- суретте банк секторының несиелік портфелі 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 12,3%-ға азайғанымен 2018 жылдың қорытындылары бойынша 2017 жылмен салыстырғанда 0,17 трлн теңгемен өсті және 2019 жылы 14,74 трлн теңгені құрады.

2014 жылы 1 қаңтарда банк секторының несиелік портфелі 13,35 трлн. теңгені құраса, 2020 жылы 1 қаңтарда 14,74 трлн. теңгені құрап 1,1 есеге өсті, сонымен қатар, 2017 жылы 1 қаңтарға дейін тұрақты өсіп отырды. Себебі, банк активтері тұрақты өсумен және 2014 жылы 1 қаңтарда несиелік портфелі банк активтерінің 86,4%-ын құраса, 2020 жылы 1 қаңтарда 55,0%-ды құрап, 31,4%-ға азайғанымен байланысты. 2019 жылы активтерді 2018 жылмен салыстырғанда 1,57 трлн. теңгемен, несиелік портфелі (негізгі борыш) 0,98 трлн. теңгемен көбейген.

2013 жылы активтердің 85,8% несиелік қоржыны (негізгі борыш) құраса, 2019 жылы 54,9% құраған. Егер ЕДБ пайда табатын негізгі көзі несиелік болатынын ескерсек несиелік қоржыны осы жылдар аралығында 30,9%-ға төмендеген.



Сурет 2- Несиелік портфеліндегі (негізгі борыштағы) заңды, жеке тұлғалармен шағын, орта кәсіпкер субъектілеріне берілген қарыздың үлесі.
Ескерту -[4] дерек көзі бойынша құрастырылған

2020 жылғы 1-тоқсанда банк секторында тұрақты жағдай сақталды және қызметінің негізгі көрсеткіштерінің өсуі байқалды. Сонымен қатар экономиканың барлық салаларында іскерлік белсенділіктің төмендеуінен пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі жағдайында несиелеу қарқынының баяулауы байқалды. Несиелік пайызының мөлшерлемелерін неғұрлым азайтса, соғұрлым халыққа тиімді болары сөзсіз. Қазақстанда 2,3 миллионнан астам адам кедейлік шегінде өмір сүреді, сондықтан елге несиелер бойынша шекті мөлшерлемелерді 7-8%-ға дейін төмендету қажет. Несиелік пайыздық мөлшерлемелерді төмендету үшін несиелік тәуекелді қалыптастыратын жүйелі мәселелерді шешу қажет.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі банк секторының рөлі. Ипотекалық несиелер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер қазірдің өзінде 7-8% деңгейінде, негізінен халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен ағымдағы жылдың тамыз айында 7,6% құрады. Нарықта пайыздық мөлшерлемелерді белгілеу мүмкіндігі банктерге нарықтық жағдайға бейімделуге және өздері қабылдаған тәуекелдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің ағымдағы деңгейі келесі факторларды ұсына аламыз:

- Қаржыландыру құны. Банктердің ұзақ мерзімді және тұрақты қорлануы үшін салымшылардың жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін депозит мөлшерлемесі инфляция деңгейінен жоғары болуы керек.

- Инфляция деңгейінен төмен қарқында несиелік мөлшерлемесін төмендету арқылы нақты кірісті әкімшілік жолмен төмендету теңгелік активтердің тартымдылығын төмендетеді, жинақ ақша жинауға кедергі келтіреді және қаржы жүйесін тұрақсыздандырады. Осыған байланысты қаржыландыру құнының төмендеуі, ең алдымен,

инфляцияның төмендеуі деп айта аламыз. Несиелік тәуекел. Басқа елдерге қарағанда Қазақстанда несие дефолтының деңгейі жоғары. Ішкі қарыз алушылардың несиелік тәуекелі банктің маржасынан және жоғары пайыздық мөлшерлемеден көрінеді. Болашақ кезеңге 2022-2025 жылдар аралығында, бұл мәселені түбегейлі шешуді ұсына алады.

Несие ресурстарының құнын бірте-бірте төмендету үшін несиелік тәуекелді қалыптастыратын жүйелі мәселелерді шешудің принципті маңызы бар, мысалы:

- компаниялардың құрылымын ашық қылу (корпоративтік басқару сапасының жоғарылату);
- бизнес жағдайларын қолайлы ету;
- жеке секторды шайып жіберетін экономикадағы мемлекеттің жоғары үлесі;
- жоғарғы фискалдық тәртіп орнату;
- компаниялардың дәрменді болуын қолға алу (төлем қабілетсіздігінің шешілу жолдарын қарастыру, банкроттық рәсімдерінің төмен тиімділігінен арылу.

Заңнамаға сәйкес Ұлттық Банктің міндеттері мыналар: мемлекеттің ақша- несие саясатын әзірлеу және жүргізу; төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу; ақша-несие статистикасы, қаржы нарығы статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен, қаржы нарығының субъектілерімен және халықаралық қаржы институттарымен шұғыл өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін Ұлттық Банктің тұрақты өкілдігі ашылды [5].

2020 жылы Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын инфляциялық таргеттеу қағидаттарына сәйкес жүргізді. 2020 жылы инфляция бойынша мақсат 4-6% деңгейінде белгіленді.

Кесте 2-Орташа жылдық көрсеткіштер

Жылдық көрсеткіштер	Орташа жылдық инфляция %	Орташа жылдық базалық мөлшерлемесі, %	Несиелер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі, % Заңды тұлғаларға (теңгемен)	Несиелер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі Жеке тұлғаларға (теңгемен)
2013	4,8	6,67	10,6	20,4
2014	7,4	8,7	10,9	19,4
2015	6,7	14,0	15,4	17,6
2016	8,5	14,3	17,0	17,4
2017	7,1	10,7	13,6	18,8
2018	5,3	9,25	12,4	18,5

Ескерту-[6] дерек көзі бойынша құрастырылған

Осыған байланысты 2021 жылдың 4-тоқсанындағы Қазақстанның банк секторы бойынша Fitch агенттігінің есебіне сүйене отырып, елде «проблемалы қарыздар және/немесе меншікті капиталға қатысты бейімді емес активтер бар» әлсіз банктер бар[6].

Банк активтерінің өсуі-экономиканың өсуі. Несие беру мен экономикалық өсудің драйвері ретінде ақша-несие саясатын жеңілдету құралдарын жаңарту керек. Банктер

бойынша қарайтын болсақ, ірі және орта банктердің алғашқы үздік жиырмасының құрамына кіретін көптеген ұйым салымдарды төмендеткенін көруге болады. Ірі банктер бестігі ішінде табысын жоғалтпаған тек екі банк – Халық банк пен Қазақстан Сбербанкі ғана бар. Қазкоммерцбанк, "Цеснабанк", АТФ Банктің депозиттік портфелі қысқарған, оған заңды тұлғалардың салымының жылыстауы себеп болған. Оны тіпті жекелеген депозиттердің өсуінің өзі орнын толтыра алмады.

Үздік ондықтан Bank RBK мен Еуразиялық банк шығып қалды. Bank RBK-дан жекелеген, әсіресе, заңды тұлғалардың депозиттері бойынша үлкен жылыстау орын алған. Ал Еуразиялық банкте жекелеген клиенттердің ақшасын тартудың өсуі есебінен заңды тұлғалардың депозиттері құлдырап кетті.

Банктердің табыстылық көрсеткішіне Ұлттық банк құралдары бойынша табыстылықты төмендететін активтер сапасын сақтауға кететін үлкен шығыстар, қорландырудың жоғары құны, қарыз портфелінің тұралауы және мерзімі өтіп кеткен қарыздар үлесінің айтарлықтай болуы қысым көрсетті. Дегенмен сектордың таза пайыздық маржасы осы кезең ішінде былтырғы жылдың көрсеткішмен салыстырғанда өсіп, 5,44% болды.

Қорытындылай келе, Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын тұрақтандыру жағдайындағы банк секторының рөл атап айтсақ:

1. Президенттің жарлығымен құрылған қордың «Қазақстан Халқына» қордың қаражатының дұрыс бөлінуінің Ұлттық банк тарапынан қадағалау.

2. Банк секторының бәсекелестікті дамыта отырып, екінші деңгейлі банктерді тұрақтандыру.

3. Несие қоржының сапасын жақсартып отырып, халыққа қолжетімді несие мөлшерлемесін ұсыну.

4. Инфляция бойынша көрсеткішті 4-6 % аралығына келтіре отырып, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан халқына» қоры – халқының әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатымен құрылған әлеуметтік. <https://qazaqstanhalqyna.kz/ru/>

2. Сейтқасымов Ғ.С. Банк ісі: оқулық. – Бас. 3-ші, толық. және қайта өзгер. – Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2017. – 528 б.

3. Хамитхан Н. Конкуренция в банковском секторе Казахстана и решение проблем // Вестник Кыргызско-Российского Славянского университета Серия социально-экономические науки 2019. Том 19. № 3. - С. 68-71.

4. Хамитхан Н. Қазақстандағы банктік қызметтердің сапасын жақсарту жағдайында банкаралық бәсекелестік // докторлық диссертация – Нұр-Сұлтан: 2021-1526.

5. ҚР негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің серпіні. – ҚР ҰЭМ Статистика комитеті. URL: <https://www.stat.gov.kz>

6. Хамитхан Н., Исакова З.Д. О банковских услугах Казахстана в конкурентной среде // Вестник. Бизнес-школа национального университета Монголии. Бизнес и Инновации. - г. Улан-Батор. 2019. - С. 17-25.

7. Казахстан сейчас находится по-прежнему в 9 группе. <https://kapital.kz/finance/99637/operatsionnaya-effektivnost-bankov-v-kazahstane-vyshe-chem-yes.html>.